

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

27_01_2023 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Рахмет Үсенбек - п.ғ.к., доцент;
4. Динашева Ләззат - т.ғ.к., доцент;
5. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
6. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
7. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
8. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
9. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
10. Искакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
11. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
12. Паштанов Султан - аға оқытушы;
13. Шилменбетов Саян - аға оқытушы, хатшы;
14. Төребай Ақтолқын – магистрант 1 курс, МНК-211
15. Тимерхан Дариға – студент 2 курс, ППМ-011 ;
16. Нуралиева Жансая - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Комиссия хатшысы: Шилменбетов Саян

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.
2. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
3. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу
4. Қаңтар айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау
5. Өртүрлі мәселелер.
- 5.1. Кафедралардың білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау есебінің нәтижесін талдау.

1.Талқыланды. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.

Факультетте білім беру бағдарламаларына сәйкес білімгерлердің аралық аттестаттау жүргізілді және нәтижелер комиссия мәжілісінде талқыланып, қадағаланды. Білімгерлер ойдағыдай нәтижелер көрсете білді. Дегенмен, білімгерлердің арасында бірінші және екінші аралық бақылаудан өте алай қалған білімгерлер болды. Олардың өте алмауы төлем ақыға байланысты және кейбір студенттердің оқу үлгерімінің төмендігіне сәйкес болғандықтан, олар жазғы семестре қайта тапсыруға қалдырылды. Ал төлем ақыны толық төлеген студенттер аралық бақылаудан өтті.

Шешім: ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағаланды.

2.Талқыланды. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

Білімгерлердің оқу процестерін ұйымдастыру мақсатында және қанағаттанарлық деңгейде сабақ беру және бағалауды анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлық курс студенттері толық қатысып, бағалау саясатына жауап берді.

Шешім: ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылып, жауаптар анықталды.

3.Талқыланды. ББ білімгерлерінің, оқытушы - профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу

Бұл жөнінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ж.Шалабаева былай деді: - барлық оқытушы-профессор құрамның, білімгерлердің және қызметкерлердің аталған оқу жылында академиялық адалдық қағидатының бұзылмағандығы және шаралар әділ түрде жүргізілгендігі баяндалды.

29.12.2022 жылғы №03/072 2022-2023 оқу жылының қысқы аралық аттесттаудың жазбаша емтихандарының жауап парақтарына постмониторинг жүргізу өкіміне сәйкес Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасында келесі құрамда жұмыс атқарылды:

1. Кафедра меңгерушісі филос.ғ.к., аға оқытушы Шадинова Гульзира Абиласановна

2. филос.ғ.к., ХҚТУ профессоры Балтабаева Алена Юлдашқызы

Тексерілген пән: Академиялық ғылыми жазба 7М01202, 7М02210, 7М01101, 7М01303 1 курс. Жалпы тексерілген жұмыс саны: 23

Тексеру нәтижесі:

№	Шифр	Бастапқы баға	Ұсынылған баға	Бағаны өзгерудің себебі
1	7М01202	К09-10 - 90	К09-10 -60	Жауаптары толық жазылмаған
2	7М02210	-	-	90 және жоғары ұпай деген баға жоқ
3	7М01101	-	-	Сәйкес
4	7М01303	К09-24 – 90 К09-20 – 92 К09-22 – 90	К09-24 –75 К09-20 – 80 К09-22 – 55	Жауаптары толық жазылмаған

		К09-14 – 90		К09-14 – 80		
--	--	-------------	--	-------------	--	--

Кафедра меңгерушісі филос.ғ.к., аға оқытушы Шадинова Гульзира Абиласановна
Филос. ғ. к., ХҚТУ профессоры лтабаева Алена Юлдашқызы

2022-2023 оқу жылының қысқы аралық аттестаттаудың жазбаша емтихандарының жауап парақтарына постмониторинг жүргізу туралы №03/072 29.12.2022 ж. Өкіміне сәйкес Журналистика кафедрасы бойынша

Есебі
(09.01-10.01.2023 аралығы)

№	ББ	Пән	Курс	Студент саны
1	6B03239-Журналистика	Журналистикаға кіріспе	1	10
2	6B03279-Журналистика	Сандық журналистикаға кіріспе	1	9
3	6B03239-Журналистика	Қазақ журналистикасының тарихы	2	21
3	6B03239-ЖурналистикаF	Қазақжурналистикасыныңтарихы	2	8
4	6B03239-Журналистика	Көшбасшылық теориясы	2	24
5	6B03239-Журналистика	Шетел журналистикасы	2	20

№	Пән аты	Курс	Студент саны	90 және одан жоғары	Сәйкестік
1	Журналистикаға кіріспе	1	10	2	сәйкес
2	Сандық журналистикаға кіріспе	1	9	2	сәйкес
3	Қазақ журналистикасының тарихы	2	21	4	сәйкес
4	Қазақжурналистикасыныңтарихы	2	8	2	сәйкес
5	Көшбасшылық теориясы	2	24	4	сәйкес/1 сәйкес емес
6	Шетел журналистикасы	2	20	3	сәйкес

Қысқы аралық аттестаттаудың жазбаша емтихандарының жауап парақтарына постмониторинг жүргізу барысында жазбаша жұмыстар толық тексерілді, кейбір жауап парақтарында қате бағалау фактілері анықталды, қойылған бағаларды өзгерту туралы ұсыныс төмендегідей.

№	Студент аты-жөні, шифрі	Пән атауы	Бастапқы баға	Ұсынылған баға	Бағаны өзгертудің себебі
1	(M22-132)	Көшбасшылық теориясы	90	70	3- деңгей «Шариғат құқықтарының қалыптасуына әсер еткен факторды көрсетіңіз» деген сұрағындағы жауапқа 45 (қырық бес) баллдұрыс қойылмаған. Үш сөйлеммен ғана жазылған жауапқа жоғары баға қойылған.
			45	25	

1. Осы талдаулар ішінде «Көшбасшылық теориясы» пәні бойынша төмендегі баға дұрыс қойылмаған. Студент 3- деңгей «Шариғат құқықтарының қалыптасуына әсер еткен факторды көрсетіңіз» деген сұрағындағы жауапқа 45 (қырық бес) балл дұрыс қойылмаған. Студенттің жиынтық балы 90 болып тұр.

Жұмыс тобы: Бельдибекова А.Т., Башова Б.Ш., Ташимова А.Б.

Декан орынбасары Д.Жаркинбава сауалнама нәтижесінде факультет ПОҚ кәсіби әрекетіне оң баға бергенін атап өтті.

Шешім: ББ білімгерлерінің, оқытушы - профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізіліп, нәтиже анықталды.

4. Қаңтар айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы: Ж.Шалабаева факультетке қарасты кафедралар бойынша мамандықтардың білім беру бағдарламаларының нәтижелерін талдау мақсатында кафедра меңгерушілерінің есебі тыңдалатынын атап өтті. Сөз кезегі «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Рысбековаға берілді. Кафедра меңгерушісі 6B011- «Педагогика және психология», 7M011- «Педагогика және психология», 8D011-«Педагогика және психология» мамандықтары үш деңгейдегі білім беру бағдарламаларның нәтижесімен былай деп таныстырды:

- Бакалавр, магистратура, докторантура бойынша 6B011- «Педагогика және психология», 7M011 - «Педагогика және психология», 8D011-«Педагогика және психология» мамандықтарына дайындалған білім беру бағдарламалары кәсіптік стандарт талаптарына сәйкес және жұмыс берушілер мен түлектердің сұраныстарын ескере отырып дайындалды. БББ мақсты білім беру жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық қызметке құзыретті мамандар дайындау. Осы мақсатқа сәйкес дайындалған БББ әлеуетін жетілдіру, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапасын жақсарту мақсатында бірнеше жақын және алыс шетел және отандық ЖОО-мен келісім-шарт дайындалды. Болашақ педагог-психологтарды дайындауда жұмыс беруші мекемелер ретінде М.Әбенова атындағы орта мектебімен дуальды оқыту және практика базасы ретінде және Түркістан қаласы психологиялық-педагогикалық түзету кабинетімен практика базасы ретінде келісім-шарт жасалды. Сондай-ақ студенттер Түркістан көмекші мектеп-интернатында, Түркістан Гуманитарлық-техникалық және «Болашақ» колледждерінде іс-тәжірибеден өте алады. Аталған мекемелердегі білікті басшылар мен тәжірибелі мамандар БББ дайындауға өз үлестерін қосты.

- БББ қатысатын рейтинг бойынша 6B011- «Педагогика және психология» БББ 15/3, 7M011- «Педагогика және психология» БББ 17/14, ал 8D011-«Педагогика және психология» БББ 8/6 НААР рейтингі бойынша орынға ие болды.

- БББ дайындау барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша бірнеше пәндер мен іс-тәжірибе бағдарламалары дайындалды. Іс-тәжірибе бағдарламаларын әр курстарда ұйымдастырылып отырғандықтан оны дайындауға жұмыс берушілер де қатысты. Нәтижесінде, жұмыс берушілер мен студенттер, түлектер үшін дәстүрлі сауалнамалар нәтижесі бағдарламаның тұтынушылар тарапынан «өте жақсы» деп бағланғанын атап өту керек.

Білімгерлердің контингенті төмендегі кестеде 6B011- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша көрсетілген:

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
------------	--------	--------	--------	--------

Грант	4	9	5	11
ТД грант	3		2	2
Квота		1	10	9
Ақылы	2		2	2
Барлығы:	9	10	9	24

7M011- «Педагогика және психология» БББ магистранттар контингенті

Контингент	1 курс	2 курс
Грант	-5	
ТД грант	-	
Квота	-	
Ақылы	-	
Барлығы:	5	

8D011-«Педагогика және психология» БББ докторанттар контингенті

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	1			
ТД грант				
Квота				
Ақылы				

Магистратура және докторантура бағдарламасына сәйкес білімгерлер контингентінің төмендеуіне халықаралық сертификат бойынша конкустан талапкерлердің өте алмауы кері әсерін тигізді.

2022-2023 оқу жылында бакалавр бойынша білімгерлердің саны өткен жылдармен салыстырғанда біршама кеміген себебі, ҚР гранты бөлінгенімен, ТК бөлінбеді. Бұл студенттер санының төмендеуіне әсер етті.

2021-2022оқу жылында 6B011- «Педагогика және психология» мамандығын 13 түлек аяқтады. Оның барлығы 75 пайызы пайызы білім беру мекемелеріне жұмысқа орналасты.

Кафедарының оқытушы-профессорлар құрамының (9 қосымшаға сәйкес) өтілетін пәндерінен біліктілік курстарынан өтуі алдын-ала жоспарланып, нәтижесінде барлық ОПК біліктілік курстарынан өтті. 2022-2023 оқу жылында біліктілік курстарынан өтуді жоспарлаған. Жалпы кафедрадағы ОПК-ның біліктілік семинарларына қатысып сертификаттармен қамтамасыз етілу деңгейі 98%- ды құрады.

БББ қамтылған пәндерді оқу әдебиеттерімен қамту бойынша 208, оқу әдістемелік ғылыми әдебиеттер 190, цифрлы тасымалдағы құралдармен қамтылу саны 197 –ні құрады. Кафедра ОПК тарапынан оқу әдебиеттерін қамтамасыз ету жолға қойылған. Кафедрада әдебиеттер қоры сақталған.

Қорыта айтқанда, кафедра «Педагогика және психология» БББ үш деңгей бойынша білікті оқытушы-профессорлар құрамымен, оқу әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілген.

Екінші кезекте сөз алған «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Г.Пиримкулова былай деді:

-Кафедра 6В01615-Тарих, 6В02231-Тарих, 7М02210-Тарих, 8Д01604 –Тарих БББ бойынша үш деңгейде мамандар дайындайды. БББ мақсаты тек қана педагогикалық қызметке болашақ тарихшыларды дайындау ғана емес, сондай-ақ ғылыми зерттеуші тарихшыларды дайындау. Осы ерекшеліктерге байланысты БББ дайындау ережесіне сәйкес және кәсіптік стандарт талаптарына сәйкес, сонымен қатар, жұмыс берушілер мен түлектердің сұраныстарын ескере отырып БББ дайындалды. БББ мақсаты білім беру жүйесіндегі педагогикалық және ғылыми зерттеушілік қызметке құзыретті тарихшыларды дайындау. Осыған сәйкес дайындалған БББ әлеуетін жетілдіру, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапасын жақсарту мақсатында бірнеше жақын және алыс шетел және отандық ЖОО-мен келісім-шарт дайындалды.

БББ бойынша дайындалатын мамандықтарға сәйкес білімгерлер контингентінде төмендеу байқалатын себебі, әсіресе, докторантура бойынша шетел тілінде халықаралық сертификаты бар талапкерлердің аздығы, конкурс талаптарына сәйкес бәскелестіктің артуынан деп атап өтуге болады. Дегенмен, бакалав мамандықтары бойынша гранттың тұрақты бөлінуіне байланысты білімгерлер саны өсуде.

БББ бойынша барлық ОПҚ пәндер бойынша біліктілік курстан жоспарға сәйкес өткен. Атап айтқанда, 6В01615-Тарих мамандығы бойынша оқытылатын пәндер – 68, сертификаттар -155, 6В02231-Тарих мамандығына оқытылатын пәндер 28, сертификаттар -155, 7М02210-Тарих мамандығына кәсіби пәндер саны 3, ал сертификаттар 10, 8Д01604 –Тарих мамандығына 1 пәннен әр жылдарда алынған сертификат саны 3. Жалпы кафедрада БББ бағдарламасындағы өзгерістерге сәйкес таңдау пәндерінен біліктілік курстарынан жоспарға сәйкес сертификаттар алып отырды.

Келесі сөз «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., А.Белдебековаға берілді.

- «Журналистика» кафедрасы 6В050400-Журналистика, 6В042-«Журналистика және репортерлік іс» БББ дайындалды. Бұл мамандықтар бойынша дайындалған білім беру бағдарламалары кәсіптік стандарт талаптарына сәйкес және жұмыс берушілер сұраныстарын ескере отырып дайындалды. БББ мақсаты БАҚ кеңістігінде журналистикалық қызметке құзыретті мамандар дайындау. Осы мақсатқа сәйкес дайындалған БББ әлеуетін жетілдіру, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарын сапасын жақсарту мақсатында бірнеше жақын және алыс шетел және отандық ЖОО-мен келісім-шарт дайындалды. Атап айтқанда, «Қазақ әдебиеті», «Оңтүстік Қазақстан», «Түркістан», «Айқын», газеттері мен «Шалқар», «Қазақ радиосы», «Оңтүстік» радио, телевидениесімен жұмыс беруші мекеме ретінде түлектерді тәжірибеден өткізудеміз.

Білімгерлердің сауалнама нәтижесі 2021-2022 оқу жылында 4,73 пайызды көрсетті. Бұл жұмыс берушілер мен талапкерлердің сұраныстарын ескере отырып таңдау пәндеріне енгізілген өзгерістер нәтижесі деп есептейміз. Ал бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы 2021-2022 оқу жылына 92 пайызды құрады. Сондай-ақ жұмыс берушілердің БББ қанағаттану деңгейі жоғары.

Келесі сөз кезегі «Білім технологиясы» кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаеваға берілді:

-Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу, оқыту, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын, бала тәрбиесінде отбасына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында ұйымдастырылатын оқу қызметтерінің мазмұны, әдістері, құралдары және нәтижелері туралы ақпараттарды өңдеу мен қолдана алатын түлектерді даярлау. Осы мақсатта 6В01303-Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі, 6В01202-Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, 7М01303-Бастауыш оқыту

педагогикасы және әдістемесі, 7М01202-Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандықтары бойынша БББ дайындалды.

6В01202-Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша студенттер дуальды оқыту бойынша білім алууда.

БББ дайындау барысында жұмыс беруші мекемелермен бірлесе білім беру құзыреттіліктерін анықталды. Кейбір жаңа пәндер енгізілді.

6В01202-Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	7	14	9	24
ТД грант	-	-	-	-
Квота				-
Ақылы			2	2

6В01303-Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығы бойынша

Контингент	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
Грант	26	33	32	23
ТД грант		-	-	-
Квота			4	9
Ақылы	14		2	6

Бакалавр мамандықтары бойынша студенттердің соңғы екі жылда мемлекеттік және әлеуметтік гранттың нәтижесінде тұрақталды.

Қорыта айтқанда, БББ дайындауда жұмыс берушілердің ұсыныстары және сауалнама нәтижелері ескерілді.

Шешім: Қорытынды сөзді факультеттің сапамен қамту комиссиясының төрайымы Ж.Шалабаева сөз алды: -БББ бағдарламалары сапалы кәсіби стандарттар мен БББ дайындау ережесі талаптарына сәйкес дайындалған. Барлық кафедрада жұмыс берушілермен байланыс жолға қойылған және сауалнамаларға талдаулар жасай отырып, оның нәтижесіне сәйкес шешімдер қабылданып отырған. Студенттерді өндірістік тәжірибемен, өндірістік базамен қамтамасыз етілген. Дегенмен, БББ дайындау барысында SWOT талдауға байланысты мына ұсыныстарды басшылаққа алу қажеттігін атап өтеміз. Олар:

- 1.Білім берудің онлайн курстарын, модульдік және қашықтықтан білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту;
- 2.Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге облыс экономикасының нақты секторының өкілдерін тарту, бітірушілерді дайындау сапасын бағалау және тәжірибелер мен тәжірибелік-бағдарлы дипломдық жобалардың негіздерін дамыту;
- 3.Ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын кеңейту және ағылшын, түрік тілдерінде білім беретін ОПК мен оқулықтар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарының санын арттыру;
4. Оқытушалар мен студенттердің цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру;

5. Студенттердің магистранттардың ғылыми зерттеу жұмысына дайындығын қалыптастыру т.б.

Мәжіліс төрайымы:



Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:



Шилменбетов С.